

"Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті және оның аумақтық органдарының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс жүргізу жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы 13-2-Ө бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитеті Төрағасының 2006 жылғы 17 наурыздағы N 21-2-Ө Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 15 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 4189. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 28 шілдедегі № 809 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.07.2015 № 809 бұйрығымен.

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитетінің және оның аумақтық органдарының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс жүргізу жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 13-2-Ө (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3946 нөмірмен тіркелген, "Заң" газетінің 2005 жылғы 23 желтоқсандағы 176 (177) нөмірінде жарияланған Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көліктік бақылау комитеті төрағасының 2005 жылғы 11 қарашадағы N 79-ө бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бірге Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2748 нөмірмен тіркелген) бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитетінің және оның аумақтық органдарының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс жүргізу жөніндегі

нұсқаулығында:

8 - тармақтағы:

1) тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"рұқсат, лицензия, біліктілік аттестаты (куәлігі) міндетті болған жағдайларда, тіркеусіз немесе лицензиясыз, арнайы рұқсатсыз, біліктілік аттестатынсыз (куәлігінсіз) кәсіпкерлік немесе өзге де қызметпен айналысу, сондай-ақ іс-әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыру, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жаза қолданатын әрекет белгілері болмаса;"

2) т а р м а қ ш а д а :

жетінші абзацтағы "өз бетімен" және "өз бетімен" деген сөздер тиісінше "заңсыз" және "заңсыз" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"темір жолдарды техникалық пайдалану ережелерінің талаптарын бұзу;
темір жол көлігінде жол жүру құжаттарын (билеттерді) сату, олардың қолданылу мерзімін ұзарту және билет кассаларының жұмысын ұйымдастыру ережелерін бұзу";

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) автомобиль көлігі саласында:

жолаушыларды, багаж бен жүктерді автомобиль көлігімен тасымалдау
е р е ж е л е р і н б ұ з у ;

жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін тіркейтін бақылау құрылғыларынсыз (тахографтарсыз) немесе ажыратылған осындай құрылғылармен, не толтырылмаған диаграммалық дискілермен, сол сияқты қауіпті жүктерді автомобильмен тасымалдауды; жолаушыларды, багажды және жүктерді автомобильмен халықаралық тасымалдауды; жолаушыларды, багажды автомобильмен қалааралық, облысаралық тұрақты және тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асырған кезде жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін күнделікті тіркеу парақтарын жүргізбей автокөлік құралын басқаруы;

автокөлік құралдарын жүргізушілердің жолаушыларды, багажды немесе жүктерді автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыру кезінде еңбек және
д е м а л ы с р е ж и м і н б ұ з у ы ;

шетелдік жеке және заңды тұлғаларға тиесілі автокөлік құралдарын жүргізушілердің, Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңдарында көзделген жағдайларда, Қазақстан Республикасының аумағында автомобильмен халықаралық тасымалдауды рұқсатсыз немесе арнайы рұқсатсыз
ж ү з е г е а с ы р у ы ;

жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты емес халықаралық тасымалдауды жүзеге асыру кезінде автокөлік құралдарын жүргізушілерде жолаушылар
тізімінің болмауы;

шет мемлекеттің аумағында тіркелген, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелінген, шет мемлекеттің тасымалдаушыларына тиесілі автокөлік құралдарымен Қазақстан

Республикасының аумағында орналасқан пункттер арасында жолаушыларды, багажды немесе жүктерді тасымалдау;

жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру кезінде рейс алдындағы техникалық тексеруден өтпеген автобусты, шағын автобусты басқару;

қауіпті жүктерді мамандандырылған автокөлік құралдарымен белгіленген ережелерді бұза отырып, сол сияқты арнайы рұқсатсыз тасымалдау;

ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты жүктерді автокөлік құралдарымен тасымалдау, сондай-ақ бөлінбейтін ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты жүктерді мамандандырылған автокөлік құралдарымен белгіленген ережелерді бұза отырып, сол сияқты арнайы рұқсатсыз тасымалдау;

жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды көрсетілген тасымалдау бағыттарына қызмет көрсету құқығын растайтын тиісті куәліксіз жүзеге асыру;

автобуста, трамвайда, троллейбуста, маршрутты таксиде жарылыс қаупі бар заттарды немесе бұйымдарды алып жүру, сондай-ақ оларды автокөлікте багажға немесе сақтау камерасына өткізу;"

4) тармақшаның он сегізінші абзацындағы "өз бетімен" деген сөз "заңсыз" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) тармақшада :

он алтыншы абзацтағы "247-баптарымен" деген сөздерден кейін ", 461 бабының 6-1 бөлігінде" деген сөздермен толықтырылсын;

он жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"көлік құралдарын пайдалану ережелерін үнемі бұзу, яғни бір жыл ішінде осы Кодекстің 246, 247 баптарында, 461 бабының 6-1 бөлігінде, 483 бабында көзделген екі және одан да көп құқық бұзушылықты жасау;"

жиырмамыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"көлік құралдарын жүргізуші азаматтардың жол жүрісі ережелерін үнемі бұзуы, яғни бір жыл ішінде Кодекстің 461 бабының 6-1 бөлігінде, 463 бабының бірінші бөлігінде, бұл бұзушылықтар жолаушылар мен жүктерді тасымалдау ережелерін бұзушылық болып табылған кезде, 463 бабының екінші және үшінші бөліктерінде көзделген екі және одан да көп құқық бұзушылықты жасауы;"

18-тармақта "139 (бірінші бөлім), 246, 247, 439, 440, 441, 447, 448, 449, 450, 451, 452, 453 (бірінші, үшінші бөлімдер), 454 (төртінші, бесінші бөлімдер), 455, 456, 457, 458, 459-460 (әуе, теңіз көлігі кемелеріндегі бұзушылықтардан басқа), 463 (бұл бұзушылықтар жолаушылар мен жүктерді, сонымен қатар ірі көлемді немесе қауіпті жүктерді, сондай-ақ салмақтық немесе көлемдік өлшемдері белгіленген нормативтерден асқан көлік құралдарының арнайы рұқсатсыз жүріп өту жағдайында тасымалдау ережелерін бұзушылық болып табылған кезде), 477 (

бірінші, екінші, төртінші бөлімдер), 479-481 (әуе, теңіз көлігі кемелеріндегі бұзушылықтардан басқа), 483, 486 (бірінші бөлім)," деген сөздер "246 (бірінші бөлігі), 247, 357-2 (бірінші бөлігі), 439, 440, 441, 447, 447-1, 447-2, 447-3, 447-4, 448, 449, 450, 451, 452, 453 (бірінші, үшінші бөліктері), 454 (төртінші, бесінші бөліктері), 455, 456, 457, 458, 459, 460 (әуе, теңіз көлігі кемелеріндегі бұзушылықтардан басқа), 461 (6-1 бөлігі), 463 (бірінші бөлігі, бұл бұзушылықтар жолаушылар мен жүктерді тасымалдау ережелерін бұзушылық болып табылған кезде), 467-1, 477 (бірінші, екінші, төртінші бөліктері), 479-481 (әуе, теңіз көлігі кемелеріндегі бұзушылықтардан басқа), 483, 486 (бірінші бөлігі)," деген сөздермен ауыстырылсын;

19-тармақтың үшінші абзацындағы "139 (бірінші бөлім), 440, 441, 447, 454 (төртінші бөлім), 455, 456, 463 (екінші бөлім), 477 (бірінші, екінші, төртінші бөлімдер), 479, 480, 486 (бірінші бөлім)," деген сөздер "357-2 (бірінші бөлігі), 440, 441, 447, 447-1, 447-2, 447-3, 447-4, 454 (төртінші бөлігі), 455, 456, 461 (6-1 бөлігі), 463 (екінші бөлігі), 467-1, 477 (бірінші, екінші, төртінші бөліктері), 479, 480, 486 (бірінші бөлігі)," деген сөздермен ауыстырылсын;

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Соттарға қарау жүргізуге жіберілген, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша Кодекстің 541-бабында көрсетілген құқық бұзушылықтар туралы хаттамаларды Кодекстің 356, 357-1, 357-2 (екінші бөлігі), 453 (екінші бөлігі), 454 (бірінші-үшінші бөліктері), 484 баптары бойынша оған уәкілетті көліктік бақылау органдарының лауазымды тұлғалары жасайды.";

2 2 - т а р м а қ т а :

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

" Кодекстің 246 (бірінші бөлігі), 247, 447, 447-1, 447-3, 461 (6-1 бөлігі), 463 (бірінші бөлігі, бұл бұзушылықтар жолаушылар мен жүктерді тасымалдау ережелерін бұзушылық болып табылған кезде), 477 (бірінші, екінші, төртінші бөліктері), 479-481 (әуе, теңіз көлігі кемелеріндегі бұзушылықтардан басқа), 483, 484, 486 (бірінші бөлігі) - баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер көлік құралдары, кемелер, соның ішінде шағын көлемді кемелер есепке алынған жер бойынша немесе өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамның тұрғылықты жері бойынша да қаралуы мүмкін";

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы көліктік бақылау органының лауазымды тұлғасы осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес
н ы с а н д а ж а с а й д ы .

Ескерту немесе айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолдануға әкеп соғатын әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жағдайда, егер айыппұл бес айлық есептік

көрсеткіш мөлшерінен аспаса және адам (жеке тұлға, орган немесе заңды тұлғаның басқару функциясын жүзеге асыратын адам) құқық бұзушылық жасау фактісін мойындаса, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалмайды. Ескерту түріндегі жазаны соған уәкілеттік берілген лауазымды адам әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде ресімдейді. Айыппұл түрінде жаза қолданылған жағдайда қатаң қаржылық есептілік құжаты болып табылатын, белгіленген үлгідегі түбіртек беруді соған уәкілеттік берілген лауазымды адам әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде жүзеге асырады. Бұл ретте берілген істі қарауда уәкілетті тұлға Кодекске сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөнінде қаулы шығарады.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам ескертудің немесе төлем құжатының екінші данасына қол қою арқылы қолданылған жазаға өзінің келісетінін растайды.

Сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу прокурордың қаулысымен қозғалған жағдайларда хаттама жасалмайды.

Егер адам оған осы тармақтың екінші абзацында белгіленген тәртіпте жүктелген жазаға қарсы дауласса, Кодекстің 635-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалады.";

30-тармақтағы "анықталғаннан" деген сөз "ашылғаннан" деген сөзбен ауыстырылсын;

31-тармақтағы "хаттама" деген сөзден кейін "жасалған кезден бастап" деген сөздермен толықтырылсын;

35-тармақтың 2) тармақшасының төртінші абзацындағы "тиесілі тауарларға, көлік құралына және өзге мүлікке қамау салу," деген сөздер "тиесілі тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салу немесе алып қою" деген сөздермен ауыстырылсын.

көрсетілген Нұсқаулықтың 1-қосымшасы осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген Нұсқаулықтың 6-қосымшасы осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген Нұсқаулықтың 9-қосымшасындағы:

"Әкімшілік айыппұлды төлеу туралы қаулыға түбіртекке түбіршек N _____" деген сөздер "Әкімшілік айыппұлды төлеу туралы түбіртекке түбіршек" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген Нұсқаулықтың 10-қосымшасы алып тасталынсын.

2. Заң және кадрлық қызмет бөлімі (С.С.Жарылғасов) белгіленген тәртіппен осы бұйрықты мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жіберсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көліктік бақылау комитеті төрағасының орынбасары Қ.Б.Есжановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Қазақстан Республикасы Көлік
және коммуникациялар министрлігінің
Көліктік бақылау комитеті төрағасының
2006 жылғы 17 наурыздағы

N 21-2-Ө бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Көлік және
коммуникациялар министрлігінің
Көліктік бақылау комитетімен және
оның аумақтық органдарымен әкімшілік
құқық бұзушылықтар туралы іс жүргізу
жөніндегі нұсқаулыққа 1-қосымша

**Әкімшілік құқық бұзушылық туралы
Х а т т а м а**

N _____ сериясы _____

200__ ж. "___" _____ сағат ___ минут

(жасалған жері)

Мен, _____

(көліктік бақылау органы қызметкерінің лауазымы мен аты-жөні)

"Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 қарашадағы N 1232 қаулысына сәйкес, 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексінің (бұдан әрі - ӘҚБК) 28, 29, 30-баптарына сәйкес іс-әрекет жасаушы, осы хаттаманы жасадым.

(занды тұлғаның атауы және мекен-жайлық реквизиттері, бұзушылық жасаған адамның аты-жөні, СТН туған жылы мен жері, жұмыс орны, лауазымы, мекен-жайы) тексеру кезінде мыналар

Анықталды:

Оған қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс-жүріліп жатқан жеке (заңды тұлғаның өкіліне) тұлға, ҚР ӘҚБК 584-бабымен көзделген құқықтары мен міндеттері түсіндірілді _____

(т ұ л ғ а н ы ң қ о л ы)

Жеке (заңды тұлғаның өкілі) тұлға: _____
тілін білемін, іс бойынша өндірісті _____ тілде жүргізуіңізді
өтінемін, қолы _____, қорғаушының заңдылық көмегі
қажет/қажет емес _____,

(и ә / ж о қ , қ о л ы)

аудармашының қызметі қажет/қажет емес _____
(и ә / ж о қ , қ о л ы)

(тексеру барысында анықталған әкімшілік заңнама бұзушылықтардың

_____ болған орны, уақыты және мазмұны)

_____ (егер ол әкімшілік құқық бұзушылықты анықтау мен бекіту кезінде пайдаланған болса, метрологиялық тексерудің атауы, нөмірі, датасы, техникалық құралдың көрсеткіші, істің шешімі үшін қажетті өзге де м ә л і м е т т е р)

Көрсетілген бұзушылықтар ӘҚБ Кодекстің _____ баптарына сәйкес _____ жауапкершілік _____ жүктейді.

Оған қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс-жүріліп жатқан тұлға, ӘҚБК-нің 584-бабына сәйкес, хаттамамен және істің басқа материалдарымен танысуға, түсініктеме беруге, хаттаманың мазмұны мен ресімделуі бойынша ескерту жасауға, дәлелдемелер ұсынуға, кепілдеме беруге, қарсы болуға, қорғаушының заң көмегін пайдалануға, іс қаралған кезде ана тілінде немесе өзінің білетін тілінде сөйлеуге, егер іс жүргізіліп жатқан тілді білмейтін болса аудармашының көмегін пайдалануға, іс бойынша іс-жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдануға, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға және іс бойынша шығарылған қаулыға шағым жасауға, сондай-ақ өзіне ӘҚБ Кодекспен берілген өзге де процессуалдық құқықтарды пайдалануға құқылы.

Құқық бұзушының түсініктемесі _____

Кұқық бұзушының қолы: _____

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде аталмыш хаттама қоса беріліп отырған материалдармен бірге 640-бапқа сәйкес әкімшілік жаза қолдану үшін сотқа, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қарауға уәкілетті органға (лауазымды тұлғаға) жіберіледі.

Мекен-жайы, телефоны: _____

Хаттамаға ескертулер мен толықтыруларым жоқ (бар) _____

_____ (құқық бұзушының қолы)

Хаттама жасаған: _____

_____ (көліктік бақылау органының қызметкері)

_____ (қ о л ы)

Мына куәлардың қатысуымен:

1. _____

2. _____

куәлардың қолы: 1. _____ 2. _____

(куәлардың құқықтарымен және міндеттерімен ӘҚБК-нің 594-бабына сәйкес таныстырылды)

Мына куәгерлердің қатысуымен:

1. _____

2. _____

куәгерлердің қолы: 1. _____ 2. _____

(куәгерлердің құқықтармен және міндеттерімен ӘҚБК-нің 595-бабына сәйкес таныстырылды)

Хаттаманың көшірмесін алдым, құқықтармен және міндеттермен т а н ы с т ы м :

_____ (аты-жөні)

_____ (құқық бұзушының қолы)

Заттар мен құжаттарды алып қою хаттамасы қоса берілді:

_____ (N, сериясы, жасаған күні) _____

Қазақстан Республикасы Көлік
және коммуникациялар министрлігінің
Көліктік бақылау комитеті төрағасының

2006 жылғы 17 наурыздағы
N 21-2-Ө бұйрығына 2-қосымша

Қазақстан Республикасы Көлік және
коммуникациялар министрлігінің
Көліктік бақылау комитетімен және
оның аумақтық органдарымен әкімшілік
құқық бұзушылықтар туралы іс жүргізу
жөніндегі нұсқаулыққа 6-қосымша
Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша
Қ а у л ы

N_____сериясы _____

Мен, _____
(атқаратын лауазымы, аты-жөні)

"Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 қарашадағы N 1232 қаулысына сәйкес, 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексінің (бұдан әрі - ӘҚБК) 651-бабына сәйкес іс-әрекет жасаушы, 2004 ж. "____" _____

(қ а р а л ғ а н ж е р і)

(оған қатысты іс қаралған тұлға туралы мәліметтер)

_____ қатысты

(оған қоса берілген әкімшілік құқық бұзушылық туралы мәліметтер)

_____ хаттаманы қарап,

(хаттаманың N, сериясы, жасалған күні)

А н ы қ т а д ы м :

Қаралатын іс бойынша өндірістің тілі _____

(істі қарау кезінде анықталған жағдайлар)

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, ӘҚБК-нің _____ бабын басшылыққа ала отырып,

Қ а у л ы е т е м і н :

_____ (әкімшілік құқық бұзушылық жасаған)

_____ (заңды тұлғаның аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны, реквизиттері)
СТТН _____

_____ (бұзылған нормативтік құқықтық актілердің атауы, баптардың нөмірі)
бұзғаны үшін _____ айлық есептік көрсеткіш _____
(цифр және жазбаша)

_____ теңге көлемінде ӘҚБК _____ бабы бойынша _____
түріндегі _____ әкімшілік _____ жазаға _____ тартылсын.

Айыппұл отыз күннен кешіктірілмей _____
(қай бюджет, банк шотының нөміріне _____
_____ төлеуге жатады.

_____ салынатындығын көрсету)

Алып қойылған құжаттар мен заттар (тәркіленген, берілген, жойылған, қайтарылған) керектісін белгілеу _____

Атауы _____

Саны, дана _____

Алып қойылған құжаттар мен заттар қайтарылды _____
(бұзушының аты-жөні, қолы)

ӘҚБК-нің 655-бабына сәйкес, қаулының көшірмесін алған күннен бастап он күн мерзім ішінде, жоғары тұрған органға (жоғары тұрған лауазымдық тұлғаға) немесе органның (лауазымды тұлғаның) орналасқан жеріндегі мамандандырылған райондық және оған теңестірілген әкімшілік сотқа қаулы бойынша наразылық білдіруге, шағымдануға б о л а д ы .

Қаулының көшірмесін алдым _____
(бұзушының аты-жөні, қолы)

Ескерту: ӘҚБК-нің 707-бабымен белгіленген мерзім өтіп кетсе, бұзушыға ӘҚБК-ің 708, 709-бабымен белгіленген шаралар қолданылады.

_____ (атқаратын лауазымы, аты-жөні)

_____ (қолы)

М.О.